

**Қожахметова Әсел Көшербайқызының**  
«6D051800 - Жобаларды басқару» мамандығы бойынша  
Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін  
«Жобалық менеджменттің халықаралық стандарттары негізінде Қазақстан  
Республикасындағы жоғары технологиялық жобалардың сәттілігін бағалау»  
тақырыбындағы диссертациясына

**АНДАТПА**

**Диссертациялық зерттеудің жалпы сипаттамасы.** Диссертациялық жұмыс РМВОК стандартын қолдану негізінде Қазақстан Республикасындағы жоғары технологиялық жобалардың сәттілік деңгейін бағалауға бағытталған.

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.** Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өз халқына Жолдауында атап өткендей, халықаралық нарықта ұлттық бизнесті қолдау үшін жаңа технологиялық бағыттарды дамыту қажет. Қазақстан ең жаңа цифрлы технологияларды дамыту платформасына және технологиялық серіктестікке дайын, ашық юрисдикциялы брендке айналуы тиіс. Оған қоса, Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясының «Технологиялық жаңару және цифровизация» атты екінші реформасына сай, еліміз технологиялық тұрғыдан бәсекеге қабілетті елдердің қатарында болуды көздейді. Бұл үшін экономика саласында білімге, базалық салаларды жаңғыртуға және жаңа нарықтарды дамытуға негізделген инновациялық инфрақұрылымды қалыптастыру қажет. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының 2015-2019 жж. арналған индустриалды-инновациялық дамуының Мемлекеттік бағдарламасының басты мақсаттарының бірі инновациялық белсенділігі жоғары бизнесті дамыту болып табылады. Өз кезегінде, жоғары технологиялық жобаларды жүзеге асыру жоғарыда аталған мәселелерді шешудің тиімді құралы бола алады. Себебі, жоғары технологиялық жобаларды даярлау концепциясы инновациялық экономикаға көшудің негізгі кезеңдерінің бірі саналады.

Қазіргі таңда еліміздің экономикалық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясатының негізгі бағыттарының бірі геосаяси кеңістіктегі бәсекеге қабілеттілікті арттыру болып табылады. Экономикалық жүйенің инновациялық бағытқа ауысуы әлеуметтік-экономикалық дамудың қозғаушы күштерінің бірі ретінде қабылданып, ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырады. Жоғары технологиялық жобаларды жүзеге асыратын отандық салалар экономикалық жүйенің тұрақты өсімінің негізгі секторлары болып келеді. Бұд алдыңғы қатарлы технологияларды жаппай енгізу мен жұмыс күшіне жоғары интеллектуалдық шығындар жұмсалатын өнім жасау арқылы жүзеге асады.

Сондай-ақ, жоғары технологиялық жобалар 2018-2022 жж. қабылданған «Цифрлы Қазақстан» атты Мемлекеттік бағдарламаның бірқатар міндеттерін орындауда маңызға ие. Жоғары технологиялық жобалардың сәтті жүзеге асуы

бағдарлама мақсаттарының біріне қол жеткізуге мүмкіндік береді. «Экономиканы цифрландыру» атты мақсат экономиканың салаларын цифрландыру және технологиялық жасақтау бойынша нақты жоғары технологиялық жобалардан тұратын прагматикалық бастаманы қамтамасыз етуге негізделген.

Дереккөздерге сәйкес, жоғары технологиялық жобаларды жүзеге асыру ортасында сәтсіз стартап-жобалар 90% до 99% құрайды. Оған қоса, аталған жобалар халықаралық деңгейде қабылданған жобалық менеджменттің әдістерімен басқаруға келмейді деуге болады. Себебі, өзге жобалардан күрделілігі, жоғары деңгейлі тәуекелі, нәтижені болжаудың мүмкін еместігі және ғылымға негізделгендігімен ерекшеленеді. Оған қоса, Қазақстан Республикасының жоғары технологиялық жобаларының сәттілік деңгейін бағалауға арналған зерттеу алғаш рет жүргізілді. Сондықтан, аталған тақырыптағы зерттеулер өзекті және құнды саналады.

**Диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттері.** Зерттеудің мақсаты жобалық менеджменттің халықаралық стандарттарының негізінде Қазақстан Республикасындағы жоғары технологиялық жобалардың сәттілігін бағалау.

Қойылған мақсатқа сәйкес келесі **міндеттер** көзделді:

1) жоғары технологиялық жобалардың сәттілігін басқарудың теориялық-әдістемелік аспектілерін жүйелеу;

2) жобалық менеджменттің халықаралық стандарттарын және оларды жоғары технологиялық жобаларды басқаруда қолдану мүмкіндіктерін салыстыру;

3) жоғары технологиялық жобаларды басқарудағы әлемдік тенденциялар мен ерекшеліктерді анықтап, оларды Қазақстан Республикасында енгізудің жолдарын қарастыру;

4) Қазақстан Республикасының жоғары технологиялық жобаларын жүзеге асыруға әсер ететін инновациялық жүйенің инфрақұрылымдық элементтерін талдау;

5) Қазақстан Республикасындағы жоғары технологиялық жобалардың сәттілік деңгейін бағалау және экономикалық-математикалық модель негізінде жобалық менеджмент үдерістерінің рөлін көрсету;

6) Қазақстан Республикасындағы жоғары технологиялық жобалардың сәттілігін басқаруды жетілдіру жолдарын ұсыну.

**Диссертациялық зерттеудің объектісі** жоғары технологиялық жобаларды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының ұйымдары.

**Диссертациялық зерттеудің пәні** жобалық менеджмент үдерістері мен Қазақстан Республикасындағы жоғары технологиялық жобалар сәттілігінің көрсеткіштері арасындағы байланыс.

**Диссертациялық зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері.** Диссертациялық жұмыс шетелдік және отандық ғалым-эксперттердің

зерттеулерінің негізінде орындалған. Жұмыста инновациялық инфрақұрылым қалыптасуы және дамуымен байланысты Қазақстан Республикасының нормативтік актілері, сондай-ақ халықаралық эксперттер мен ұйымдардың бағдарламалық құжаттары және әдістемелік нұсқаулықтары қолданылған. Диссертациялық зерттеу жүйелік-құрылымдық және функционалдық тәсілдерді қолдану арқылы жасалған.

Жұмыс барысында келесідей әдістер қолданылды: жалпылау, жүйелеу, салыстыру, индукция, дедукция, абстракция, формализация, конкретизация, классификация, статистикалық талдау, сандық және сапалық зерттеу, сұрау жүргізу, экономикалық-математикалық моделдеу, регрессиялық және факторлық талдау.

**Диссертациялық зерттеудің ақпараттық базасы.** Ақпараттық база ретінде ҚР-ның ұлттық экономика министрлігінің статистика жөніндегі Комитеті және ҚР-ның цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің мәліметтері, технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттіктің есептері, Дүниежүзілік банк, ЭСДҰ, БҰҰ, ХҒПҚ материалдары, Sciencedirect, Springer, Ebscohost, Australian Library, Exeter Library, Elsevier, Taylor&Francis және т.б. шетелдік базалардың мәліметтері қолданылды.

**Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы.** Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы ҚР-дағы жоғары технологиялық жобалардың сәттілігін қамтамасыз ететін басқару бойынша әдістемелік тәсілдер мен практикалық ұсыныстар даярлау болып табылады.

Зерттеу жүргізу барысында келесідей **ғылыми нәтижелерге қол жеткізілді:**

1. Арнайы көрсеткіштер ретінде салалық ерекшеліктер мен ғылыми сыйымдылығы жоғары сипаттамалар белгіленген жоғары технологиялық жобалардың авторлық анықтамасы даярланып, негізделді.

2. Жоғары технологиялық жобаларды топтаудың халықаралық ұйымдар ұсынған жоғары технологиялық салалар классификациясына негізделген және басты параметрлер ретінде салалық ерекшеліктер мен ғылыми сыйымдылық сипаттамалары алынған авторлық тәсілі құрастырылып, жалпыланды.

3. Қазақстан Республикасындағы жоғары технологиялық жобалардың жүзеге асуына әсер ететін инфрақұрылымды талдау нәтижесінде оның дамуын тежейтін факторлар анықталды.

4. Жоғары технологиялық жобалардың сәттілігі көрсеткіштері мен РМВОК стандартына сәйкес жобалық менеджмент үдерістерінің арасындағы өзара байланысты бағалауға арналған арнайы экономикалық-математикалық модель құрастырылды.

5. Айнымалы көрсеткіштер ретінде жобалық менеджмент үдерістері, жобалардың мерзімі, құны және тұтынушылардың қанағаттану деңгейі қарастырылып, жоғары технологиялық жобалардың сәттілік деңгейін сандық бағалау жүргізілді.

6. ҚР-дағы жоғары технологиялық жобаларды жүзеге асыру шеңберінде инфрақұрылымды жетілдірудің жаңа тәсілдері мен жолдары ұсынылды.

7. ҚР-да жоғары технологиялық жобалардың сәттілігін басқару үдерістерінің алгоритмі жасалынды.

**Зерттеу жұмысының қорғауға ұсынылған негізгі тұжырымдары:**

1. «Жоғары технологиялық жоба» терминінің өзгелерінен ғылыми сыйымдылық пен белгісіздік деңгейлері, жүзеге асырылу саласы, уақыт және басқа да ресурстар секілді сипаттамаларымен ерекшеленетін авторлық анықтамасы.

2. Жоғары технологиялық жобаларды 9 типтен тұратын салалық ерекшеліктер және ғылыми сыйымдылық деңгейі бойынша топтастыруға негізделген авторлық классификация.

3. Құрастырылған экономикалық-математикалық модель негізінде ҚР-дағы жоғары технологиялық жобалардың сәттілік деңгейін сандық бағалау.

4. ҚР-дағы жоғары технологиялық жобалардың сәттілік деңгейі мен РМВОК стандартына сай жобалық менеджмент үдерістерінің өзара байланысын регрессиялық талдау.

5. ҚР-дағы жоғары технологиялық жобалардың сәттілігін басқару бойынша ұсыныстар.

**Диссертациялық зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығы.** Зерттеу барысында алынған теориялық қорытындылар ғылымға негізделген экономика құру үшін ҚР-дағы жоғары технологиялық жобаларды басқарудың біртұтас концепциясын жасауға ықпал етіп, жобалық менеджмент ғылымына айтарлықтай үлес қоса алады.

Зерттеу жұмысының қорытындылары мен ұсыныстары ҚР-ның инновациялық жүйесінің мүдделі тараптарына қажет болуы мүмкін. Жоғары технологиялық сала инфрақұрылымының негізгі элементтері туралы жүйелік ақпарат ішкі нарық қатысушыларымен, атап айтқанда, бизнес өкілдерімен қолданыла алады.

Зерттеу қорытындылары, ғылыми және практикалық ұсыныстар Қазақстан Республикасының ұлттық экономика Министрлігі, Қазақстан Республикасының цифрлық даму, инновация және аэроғарыштық өндіріс Министрлігі стратегиялары, бағдарламалары, концепциялары мен жоспарларын даярлау кезінде есепке алынуы мүмкін. Ғылыми зерттеу жұмысындағы материалдар келесідей пәндерді оқыту барысында қолданыла алады: «Жобаларды басқару», «Инновациялық жобаларды басқару», «Инновациялық менеджмент».

**Диссертациялық зерттеу нәтижелерінің апробациялануы.** Зерттеу жұмысының нәтижелері отандық және шетелдік ҒПК-да, атап айтқанда, «Ломоносов-2018» атты XIV халықаралық жас ғалымдарға арналған конференцияда (Қазақстан); «Бизнес және экономика» атты халықаралық

конференцияда (Вьетнам, Clarivate Analytics); 58-ші «Жастар, ғылым және практика» атты ҒПК (Ресей) және т.б. жарияланды.

**Диссертациялық зерттеу нәтижелері келесідей ғылыми жобаларда қолданылды:**

– «Орта білім беру мекемелерінде физиканы оқыту үшін қосымша және виртуалды шындық технологиясының элементтері бар виртуалды электронды лабораторияларды құрастыру»;

– «Импульсты плазмалық шашырату әдісімен наноматериалдар алу және оларды өндірісте қолдану», ЖТН № АР05130108;

– № 0298-17-ГК «Жаңа технологиялар негізінде жоғары интенсивті энергия үнемдегіш газ разрядты лампалардың шағын өндірісін ұйымдастыру».

Жобаларды жүзеге асыру барысында диссертациялық жұмыстың нәтижелері мен ұсыныстарын қолдану жөніндегі құжаттар рәсімделген (Қосымша А, Қосымша Б, Қосымша С).

**Зерттеу нәтижелері бойынша жарияланымдар.** Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар 13 ғылыми еңбекте жарияланды, атап айтқанда, оның 3 - Scopus мәліметтер базасында индекстелетін журналдарда, 1 - Web of Science базасындағы журналда, 4 - ҚР БҒМ БҒСБК ұсынған журналдарда, 6 - ХҒПК жинақтарында.

**Диссертациялық жұмыстың құрылымы.** Зерттеу жұмысы жоспар, белгілеулер, қысқартулар, кіріспе, үш бөлімнен, қорытынды, қолданылған әдебиеттер мен қосымшалардан тұрады.